

26.02.2016ж. №22н/к

**Наурыз айы бойынша тәрбие жұмысының айлық жоспары
2015-2016 оқу жылы**

Р/с	Өткізілетін іс-шаралар	Түрі	Уақыты	Кімдер қамтылады	Жауаптылар
1	Біздің өміріміздегі ресми жолмен келген анашаның рөлі	әңгіме	2.03	5-7 сынып	Жаймахан А
2	Қандай қауіпке бас тігіп отырғаныңды ойла	ашық алаң	3.03	8-9 сынып	Конуспай А
3	Қызым саған айтам	аналармен кездесу	5.03	«Инабат» клубы	Жасағанбергенова Б
4	Әлемнің жарығын сыйладың сен маған	мерекелік шара	7.03	1-11 сынып	Өзін-өзі басқару ұйымы
5	Ана – үйдің берекесі, бала – үйдің мерекесі	пікіралысу	7.03	8 сынып	Конуспай А
6	Ғибратты әңгімелер	әңгіме	9.03	3-4 сынып	Жаймахан А
7	Көрісу күні	-	14.03	1-11 сынып	Әкімшілік Өзін-өзі басқару ұйымы
8	Атадан қалған ұлы мұра	көрме	15.03	1-11 сынып	Мопықова Б
9	Наурызда ертегілер әлеміне саяхат	сайыс	16.03	3-4 сынып	Дошанова А Конуспай А Жаймахан А
10	Кең болсын қазағымның керегесі, құтты болсын Наурыз мерекесі	Мерекелік сазды бағдарлама	18.03	1-11 сынып, ата-аналар, қонақтар	Жасағанбергенова Б Дошанова А Конуспай А Жаймахан А
11	Спорт-қазақстандықтардыңтан дауы	Спорттық-ұлттық ойындардан жарыстар.	18.03	1-11 сынып, ата-аналар, қонақтар	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
12	Жасөспірімдер бойындағы зиянды әдеттердің алдын алу	семинар	28.03	Сынып жетекшілер	Жуминова Ж
13	Мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын дамыту	Кеңес отырысы	12.03	Кеңес мүшелері	Жасағанбергенова Б
14	Кәмелетке толмағандардың деструктивті секталарға тартылуы	Кеңес отырысы	18.03	Кеңес мүшелері	Жасағанбергенова Б

Орындаған: Жасағанбергенова Б


29 ақпан-5 наурыз аралығындағы тәрбие жұмысының апталық жұмыс жоспары

P/c	Өткізілетін іс-шаралар	Түрі	Уақыты	Кімдер қамтылады	Жауаптылар
1	Апта жаңалықтары	Апталық жиын	29.02	Білімалушылар	Жасаганбергенова Б
2	Алғыс айту күні	Мерекелік құттықтаулар	1.03	Білім алушылар, ұстаздар, ата-аналар	Өзін-өзі басқару ұйымы
3	Біздің өміріміздегі ресми жолмен келген анашаның рөлі	әңгіме	2.03	5-7 сынып	Жаймахан А
4	Қандай қауіпке бас тігіп отырғаныңды ойла	ашық алаң	3.03	8-9 сынып	Конуспай А
5	Қызым саған айтам	аналармен кездесу	4.03	«Инабат» клубы	Жасаганбергенова Б
6	Анашым, саған мың алғыс	Сынып сағаттары	5.03	1-11 сынып, ата-аналар	Сынып жетекшілер



Бозғұлан Мерей 1 Досбол 5 сынып атанып, гимназия директорының хатымен марапатталды.

2 наурыз күні өміріміздегі ресми келген анашаның тақырыбында 5-7 сынып білім алушылармен әңгіме сағат өткізілді. Тақырып бойынша бейне материал көрсетілді. Тақырыпқа сәйкес білім алушылардың көзқарастары тыңдалынып, ой бөлісті.



1 наурыз - Елбасы Н. Назарбаевтың Жарлығымен Алғыс айту күні болып белгіленді. Осы орайда аудан көлемінде «Алғыс айту парызым» атты онкүндік олып өтті. 1 наурыз күні «Ата-анам-алтын тұғырым» атты көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: білім алушылардың ата-анаға деген ыстық ықыласын арттыру, алғысын білдірту. Мереке күні өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен ата-аналарға, ұстаздарға, білім алушыларға алғыс білдіріліп, бейне материал көрсетілді. Бұл бейне материалда жас журналистер ұстаздардан, білім алушылардан алған алғыстары көрсетілді.

2 наурыз күні батамен ел көгереді, жаңбырмен жер көгереді демекші, білім алушылардан «Бата беру білеміз бе?» деген сауал қойылып, баталар сұралды. Ең үздік бата берген білім алушылар сынып, Серік жеңімпаз



алғыс

«Біздің жолмен рөлі»

3 наурыз күні «Қандай қауіпке бас тігіп отырғаныңды ойла» тақырыбында 8-9 сынып білім



алушыларымен ашық алаң өткізілді.

Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т.б жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу мақсатында 4 наурыз «Инабат» қыз балалар клубы аналармен кездесті. Алдымен «Қазақ қызы қайдасың», «Мектеп қабырғасындағы қыздардың тәрбиесі» бейне материал көрсетілді. Тақырыпқа сәйкес келген аналарға бірнеше сұрақтар беріліп, бүгінгі қазақ қызының бейнесі туралы көптеген ойлар, пікірлер айтты. Аналар отбасындағы әкенің ролі, ананың роліне ерекше тоқталып, қыз бала тәрбиесі туралы ой бөлісті. «Инабат» қыз балалар клубының аналарға көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, өз ойларын ортаға салып отырды. Аналар бүгінгі күні өзекті мәселеге айналып отырған ерте жастан жыныстық қатынасқа түсу, неке құрудың зардабына ерекше тоқталып, қыз балаларға ақыл, кеңестерін бірді. Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» атты кітабынан Меңтайдың анасы қызына жазған өсиеттері оқылды. Кештің қорытындысы ретінде «Қыз тәрбиесі» атты бейне материал көрсетіліп, келген аналарды мерекемен құттықтап, қыз балалар алғыстарын білдірді.



5 наурыз күні 5-11 сыныптарда мерекелік тәрбие сағаттары өтті.



Орындаған: Жасаганбергенова Б

7-12 наурыз аралығындағы тәрбие жұмысының апталық жұмыс жоспары

Р/с	Өткізілетін іс-шаралар	Түрі	Уақыты	Кімдер қамтылады	Жауаптылар
1	Әлемнің жарығын сыйладың сен маған!	мерекелік шара	7.03	1-11 сынып	Өзін-өзі басқару ұйымы
2	Ана – үйдің берекесі, бала - үйдің мерекесі	пікіралысу	7.03	8 сынып	Конуспай А
3	Ғибратты әңгімелер	әңгіме	9.03	3-4 сынып	Жаймахан А
4	Қазақстан рәміздерін біл және құрметте	викториналық ойын	10.03	3-4сынып	Насихаттау тобы
5	Қоғамға жат, сыбайлас жемқорлық көріністері	Сурет байқауы	11.03	5-11 сынып	Курманов А Өзін-өзі басқару ұйымы
6	Мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын дамыту	Кеңес отырысы	12.03	Ата-аналар	Жасаганбергенова Б



7 наурыз күні 8 сынып білім алушылармен «Ана – үйдің берекесі, бала - үйдің мерекесі» тақырыбында пікіралысу өтті. Білім алушылар тақырып бойынша өз ойларын жазды. Содан соң оқып, талданды. Іс-шараның мақсаты: әрбір

адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы ақ сүтін беріп аялаған жанын да аямаған ардақтысы- ана екендігін ұғындыру.



Осы күні гимназиямыздың өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» атты мерекелік шара болып өтті. Аталған шараға ұстаздар, ата-аналар қауымы, қыз балалар қатысты. Аталған шараны гимназия директоры МукашеваГүлмарашОрынбасарқызы мерекелік құттықтаумен ашты.

9 наурыз күні 3-4 сынып білім алушыларымен «Тесік шелек» тақырыбында ғибратты әңгіме оқылып талқыланды.Әңгіме бойынша білім алушылар ойларын ортаға салып, бөлісті. Іс-шараның мақсаты: кемшілікті көре, жеңе білуге үйрету, рухани адамгершілікке тәрбиелеу.



10 наурыз күні мемлекеттік рәміздерге деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру мақсатында 3-4 сынып білім алушыларымен «Қазақстан рәміздерін біл және құрметте» тақырыбында викториналық ойын өтті. Ойынның нәтижесінде I орын-4ә сыныбы, II орын-4а сыныбы, III орынды – 3ә сыныбы иеленді.



10 наурыз күні білім алушылардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында аудандық «Нұр» мешітің бас имамы Алмат Али мен ішкі саясат бөлімінің маманы Усмаханов Бақытбек Серікұлы кездесу өткізді.



Осы күні Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай 8-10 сынып қыз балалары арасында шағын футболдан жарыс өткізілді. Нәтижесінде I орынды-9ә сыныбы, II орынды-8 сынып, III орынға -9а сыныбы иеленді.



11 наурыз күні мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын дамыту мақсатында «Ұлттық тәрбие-құндылық бастауы» тақырыбында кеңес отырысы болып өтті. Кеңес отырысында ата-аналар кеңесі үш топқа бөлініп ұлттық тәрбие бойынша жұмыс жасап, қорғады. Тақырып бойынша өзара ой бөлісіліп, алдағы наурыз мерекесін өткізу жоспарымен, ішкі жұмыс жоспарымен таныстырылып, талқыланды.



12 наурыз күні барлық сыныптарда салауатты өмір салты бағыты бойынша тәрбие сағаттары өтті.



Орындаған: Жасаганбергенова Б.И